

Мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ұлттық Банкінің Ақмола филиалы атынан (бұдан әрі – Филиал) (С00У4РО, Көкшетау қ., М.Әуезов көшесі, 214 үй) мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізетіні туралы хабарлайды.

1. Конкурстық іріктеуге қатысушыларға қойылатын талаптар:

1) «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» не көрсетілген мамандықтарға ұқсас мамандық бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) филологиялық білімі;

2) мемлекеттік тілді оқыту тәжірибесі кем дегенде 5 (бес) жыл;

3) ғылыми дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы (құптарлық);

2. Осы хабарламаның 1-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі:

1) конкурстық іріктеуге қатысушының түйіндемесі;

2) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

3) талап етілетін жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы дипломдарының көшірмелері;

5) кәсіби деңгейін растайтын өзге құжаттардың көшірмелері (ұсынымдар, мінездемелер, сертификаттар, ғылыми дәрежесі және (немесе) атақтарының, санатының, ғылыми жарияланымдарының болуы туралы құжаттар) (бар болса);

Құжаттар топтамасын толық ұсынбау конкурстық комиссияның оларды қараудан бас тартуына негіз бола алады.

3. Осы хабарландырудың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдау мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: С00У4РО, Көкшетау қ., М.Әуезов көшесі, 214 үй. Конкурсқа қатысушылардың құжаттар топтамасы мөрленген конвертте, қолма-қол, пошта арқылы немесе Gulnaz.Mukusheva@nationalbank.kz мекенжайы бойынша электрондық пошта арқылы электронды түрде қабылданады.

4. Құжаттарды ұсыну мерзімінің басталуы – **2023 жылғы 10 қаңтарда сағат 9.00-ден бастап**, құжаттарды ұсыну мерзімінің аяқталуы - **2023 жылғы 16 қаңтар сағат 18.00-де.**

5. Конкурс өткізу және оның жеңімпаздарын анықтау Мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу тәртібіне (қоса беріледі) сәйкес филиалдың конкурстық комиссиясымен жүзеге асырылады.

6. Ақы төлеу мөлшері, талаптары және тәртібі, сондай-ақ қызмет көрсетудің мерзімдері мен маңызды талаптары *қоса берілген* мемлекеттік тіл курстарын өткізу бойынша ақылы қызмет көрсету шартының жобасында көрсетілген.

7. Қосымша ақпарат пен анықтаманы 8 (7162) 551800 (2218) немесе 8(705)-423-64-65 телефон номерлері арқылы филиалдың жауапты қызметкері Гульназ Нуртаевна Мукушевадан алуға болады.

**Жауапты орындаушы -
бас маман-аудармашы**

Г. Мукушева

Мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу тәртібі¹

1. Осы Мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақмола филиалында (бұдан әрі – филиал) мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден (бұдан әрі – конкурстық іріктеу) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Конкурстық іріктеу мынадай іс-шараларды қамтиды:

1) конкурстық іріктеу өткізу туралы хабарландыруды орналастыру;

2) осы Тәртіптің 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік тілді оқыту курстарының оқытушысын конкурстық іріктеуге қатысу үшін ұсынылатын құжаттарды қабылдау;

3) конкурстық іріктеуге² қатысушылардың құжаттарын конкурстық комиссияның қарауы;

4) конкурстық комиссия өткізетін әңгімелесуге рұқсат берілген конкурстық іріктеуге қатысушыларымен (бұдан әрі – қатысушылар) әңгімелесу;

5) мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын таңдау туралы конкурстық комиссияның шешімін ресімдеу;

6) конкурстық іріктеу өткізу қорытындысы туралы хабарландыру орналастыру.

3. Конкурстық іріктеу өткізу туралы хабарландыруды жауапты адам Ұлттық Банктің интернет-ресурсында мемлекеттік тілде және орыс тілінде орналастырады және ол мынадай ақпаратты:

1) құжаттарды қабылдау күні мен орнын;

2) конкурстық іріктеуге қатысушыларға қойылатын талаптарды:

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» не көрсетілген мамандықтарға ұқсас мамандық бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) филологиялық білімі;

мемлекеттік тілді оқыту тәжірибесі кем дегенде 5 (бес) жыл;

ғылыми дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы (құптарлық);

3) Тәртіптің осы тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін:

конкурстық іріктеуге қатысушының түйіндемесі;

жеке басты куәландыратын құжаттардың көшірмелері (жеке тұлғалар үшін);

Тәртіпке сәйкес талап етілетін жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы дипломдарының көшірмелері;

кәсіби деңгейін растайтын өзге құжаттардың көшірмелері (ұсынымдар, мінездемелер, сертификаттар, ғылыми дәрежесі және (немесе) атақтарының, санатының, ғылыми жарияланымдарының болуы туралы құжаттар) (бар болса);

4) мемлекеттік тіл курстарын өткізу бойынша ақылы қызмет көрсету шартының маңызды талаптарын, сондай-ақ ақы төлеу мөлшерін және шарттарын;

5) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефондары мен факс нөмірлері, электрондық поштаның мекенжайлары көрсетілген жауапты бөлімшенің (жауапты адамның) байланыс деректерін қамтиды.

4. Осы Тәртіптің 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарды жауапты адам конкурстық іріктеу өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімдерінде мөр басылған конвертте, қолма-қол, почта арқылы немесе электрондық түрде қабылдайды және мемлекеттік тілді оқыту курстарын оқытушыларды конкурстық іріктеуге қатысу үшін ұсынылған құжаттарды тіркеу журналында тіркейді.

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасы орынбасарының 2021 жылғы 09 тамыздағы № 134 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу тәртібінен үзінді

² Конкурстық іріктеуге қатысуға үміткерлер деп кәсіпорын қызметінің субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалар танылады

5. Конкурстық комиссия құжаттарды қабылдаудың белгіленген мерзімі аяқталған соң конкурстық іріктеуге қатысушылар ұсынған құжаттарды осы Тәртіптің 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттардың толық болуы және тиісінше ресімделуі тұрғысынан қарайды.

6. Ұсынылған құжаттарды қарау қорытындысы бойынша конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурстық іріктеуге қатысушылар ұсынған құжаттардың Тәртіптің 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы және конкурстық іріктеуге қатысушыларды әңгімелесуге қатысуға рұқсат беру не рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

7. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия шешім қабылдағаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

- кандидаттарды әңгімелесу өткізу күні және орны туралы;

- әңгімелесуге рұқсат беруден бас тарту алған конкурстық іріктеуге қатысушыларды конкурстық комиссияның шешімі туралы хабардар етеді.

Хабардар ету телефон арқылы не конкурстық іріктеуге қатысушылардың электрондық мекенжайларына хабарламалар жіберу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Кандидаттармен әңгімелесудің мақсаты қаржы саласының қызметкерлерін мемлекеттік тілге оқыту ерекшелігін ескере отырып, кандидаттардың кәсіби қабілеті мен жеке басының қасиеттерін бағалау болып табылады.

Конкурс комиссиясының әңгімелесу өткізу кезінде кандидаттарды бағалауы Тәртіпке қосымшаға сәйкес бағалау парағының өлшемшарттарына сәйкес жүргізіледі.

9. Конкурстық комиссия кандидаттармен әңгімелесуге рұқсат беру туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде олармен әңгімелесу өткізеді және ұсынылған құжаттардың, өткізілген әңгімелесудің нәтижелері негізінде кандидаттар арасынан мемлекеттік тілді оқыту курсының оқытушысын іріктеу жөнінде шешім қабылдайды.

Бағалау парағына сәйкес ең көп балл алған қатысушы (қатысушылар) конкурстық іріктеудің жеңімпазы болып танылады. Балл саны тең болған жағдайда қаржы саласының қызметкерлеріне мемлекеттік тілді оқыту және Қазтест бағдарламасы бойынша тестіден өтуге даярлау тәжірибесі мол қатысушыға артықшылық беріледі.

10. Конкурстық комиссияның хатшысы кандидаттарды конкурстық іріктеудің нәтижелері жөнінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

11. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның конкурстық іріктеудің қорытындысы туралы шешімін және конкурстың жеңімпазы туралы ақпаратты конкурстық комиссияның қорытынды отырысы өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің интернет-ресурсына орналастырады.

12. Конкурс жеңімпазы конкурстық іріктеудің қорытындысы туралы конкурстық комиссияның шешімі жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауапты бөлімшеге (филиалда және Өкілдікте – жауапты адамға) мыналарды:

- жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы дипломның нотариат куәландырған көшірмесін;

- еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариат куәландырған немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған көшірмесін ұсынады.

13. Конкурс жеңімпазымен мемлекеттік тілді оқыту курстарын өткізу бойынша қызмет көрсету туралы шарттар жасалады.

14. Егер конкурстық іріктеуге Тәртіпте белгіленген талаптарға сәйкес келетін конкурстық іріктеудің екі қатысушысынан аз қатысушы қатысса, сондай-ақ конкурстық комиссия әңгімелесу нәтижесінде жеңімпазды анықтай алмаса, онда конкурстық комиссия конкурстық іріктеу өткізілмеді деп танып, конкурстық іріктеуді қайта өткізу туралы шешім қабылдайды.

**Конкурстық іріктеуге қатысушыларды
бағалау парағы³**

Конкурстық комиссия отырысы 20__ жылғы «__» _____

№	Бағалау өлшемшарттары	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңды, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері» барлық деңгейлер үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттарын, Қазтест қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесін білуі			
2.	Тілдерді оқытудың заманауи инновациялық әдістері мен технологияларын меңгеруі			
3.	Ғылыми дәрежесінің және/немесе атағының болуы (ғылым кандидаты, ғылым докторы, Phd доктор, доцент, профессор, қауымдастырылған профессор)			
4.	Білім беру саласындағы наградалардың немесе атақтардың болуы («Б.Алтынсарин», «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілері, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы, Қазақстан Республикасы Білім және			

³ 1 және 2-өлшемшарттар 5 балдық жүйе бойынша бағаланады, 3, 4, 5, 6, 7-өлшемшарттардың болғаны үшін қатысушыға әрбір өлшемшарт үшін 5 балдан беріледі.

	ғылым министрлігінің құрмет грамотасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алғысхаты, жыл сайынғы «Үздік педагог» конкурсының жеңімпаздары, «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының жеңімпаздары			
5.	Қазтест жүйесі бойынша оқулықтарды, әдістемелік құралдарды әзірлеуге қатысуы			
6.	Қазтест бағдарламасы бойынша оқыту тәжірибесінің болуы			
7.	Қаржы саласының қызметкерлері үшін мемлекеттік тілді оқыту тәжірибесінің болуы			
8.	Орыс тілді аудиторияда мемлекеттік тілді оқыту тәжірибесінің болуы			
	Жиынтығы (балл саны):			

Мемлекеттік тілді оқыту курсының өткізу бойынша ақылы қызмет көрсету туралы

2023 жылғы «___» _____
(ҚР ҰБ-да тіркелген күні)

_____ ҰБ/ _____ ШАРТ
(ҚР ҰБ-ның тіркеу нөмірі)/(Жеткізушінің нөмірі)

Көкшетау қаласы

2023 жылғы «___» _____
(Жеткізуші қол қойған/тіркеген күн)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, Филиал туралы ереже мен _____ сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын Ақмола филиалының директоры _____ арқылы, бір жағынан, және азамат (азаматша) _____, қазақ тілінің оқытушысы, _____ ж. _____ берілген жеке куәлігінің № _____, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталып, екінші жағынан, бұдан әрі бірге «Тараптар» деп аталып, мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу конкурсының қорытындылары туралы 20__ жылғы _____ хаттама негізінде төмендегілер жайында мемлекеттік тілді оқыту курсының өткізу бойынша ақылы қызмет көрсету туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары 2022 жылғы 23 ақпанда бекіткен Қазақ тілін Ұлттық Банк қызметкердеріне деңгейлеп оқыту бағдарламасы бойынша (бұдан әрі – Бағдарлама), сондай-ақ Шартта көзделген талаптар мен мерзімдерге сәйкес Тапсырыс берушінің саны 12 (он екі) адамнан аспайтын қызметкерлеріне мемлекеттік тілді оқыту бойынша қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер) көрсету міндеттемесін өзіне қабылдайды.

1.2. Жеткізуші Қызметтерді Көкшетау қаласы, М. Әуезов көшесі, 214 үй мекенжайы бойынша орналасқан Тапсырыс берушінің ғимаратында көрсетеді.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы Жеткізуші көрсететін қызметінің құны есебіне сәйкес анықталған (Шартқа қосымша) **720 000,00 (жеті жүз жиырма мың)** теңгені құрайды және ұлғаю жағына қарай өзгеріске түспейді.

Шарттың жалпы сомасына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде жеке табыс салығы салынады және бұл сомадан міндетті зейнетақы жарнасы мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасы ұсталады.

2.2. Тапсырыс беруші Жеткізушінің нақты орындаған уақытына 1 (бір) академиялық сағатқа (45 минут) **6 000,00 (алты мың)** теңге есебінен шыға төлемді жүзеге асырады.

2.3. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Қызмет көрсетілген күнтізбелік ай есептесу кезеңі болып табылады.

2.4. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеуді ай сайын, Тапсырыс берушінің өкілі мен Жеткізуші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде Жеткізушінің банктік шотына (карт-шотына) ақша аудару арқылы жүзеге асырады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті орындау үшін қажетті жағдайлар жасауға;

2) осы Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтердің ақысын Жеткізушіге уақтылы және толық көлемде төлеуге **міндеттенеді**.

3.2. Тапсырыс беруші:

1) Қызметтер көрсетілу барысына және олардың Шарт талаптарына сәйкес келуіне бақылауды жүзеге асыруға;

2) Жеткізуші Шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісті орындамаған жағдайда, Шартты бұзу күніне дейін Жеткізушіні күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жазбаша хабар ете отырып, Шартты кез келген сатыда бір жақты тәртіпте бұзуға;

3) көрсетілген Қызметтерден кемшіліктерді, ескертулерді, сәйкессіздіктерді, толық істелмеулерді (бұдан әрі – Ақаулар) анықтаған жағдайда, оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Қызметтерді қабылдаудан бас тартуға;

4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алған жағдайда, жағдайды бағалауға және Жеткізушінің кінәсінен емес туындаған объективті себептер болған кезде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге **құқылы**.

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта көзделген мерзімде, Шартқа қосымшаға сәйкес тиісті (жоғары) сапалы, толық көлемде көрсетуге;

2) Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің оқу Бағдарламасын басшылыққа алуға;

3) ай сайын, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 5-іне дейін Тапсырыс берушіге көрсетілген қызметтер актісін жасау үшін нақты орындалған жұмыстардың уақыты туралы есепті (қатысуды есепке алу журналы) ұсынуға;

4) оқыту процесінде тиісті материалдар мен оқу құралдарын пайдалана отырып, Тапсырыс берушінің қызметкерлерін «Қазтест» мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша диагностикалық және сертификаттық тестілеуге дайындауға бағытталған қосымша қызметтер көрсетуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне мемлекеттік тіл мәселелері бойынша қосымша кеңестер беруге;

5) оқыту курсы аяқталғаннан кейін тиісті материалдарды ресімдеп, қорытынды тест жүргізуге;

6) Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтерде ақаулар анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды өз есебінен жоюды жүзеге асыруға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте Шарттың уақтылы орындалуына кедергілер туындаған жағдайда, дереу Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге;

8) осы Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, оған Тапсырыс берушідегі жұмыс кезінде мәлім болған және қызмет бабында пайдалануға арналған барлық мәліметтерді құпия сақтауға және жария етпеуге;

9) Тапсырыс беруші белгілеген өткізу және объектішілік режимдердің талаптарын сақтауға;

10) Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз не толық не ішінара басқа біреуге бермеуге **міндеттенеді**.

3.4. Жеткізуші Шарттың 3.2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Шарт бұзылған жағдайда, Шартты бұзу күніне нақты көрсетілген Қызметтер үшін ғана ақы талап етуге **құқылы**.

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

4.1. Қызметтерді көрсетудің жалпы мерзімі – 2023 жылғы ақпан айынан бастап қараша айы аралығында.

4.2. Тапсырыс беруші Қызмет көрсету тәртібін (өткізу күні, уақыты және сабақтың ұзақтығы) Шарт қосымшасына сәйкес Жеткізушімен келісу бойынша анықтайды.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Тараптар өздерінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жауап береді.

5.2. Жеткізуші өзінің Шарт бойынша міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, ол Тапсырыс берушіге өткен айда нақты орындаған уақыт төлемінің сомасынан 5 % (бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

5.3. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді кешіктіргені үшін, Жеткізушіге төлем мерзімі өткен әрбір жұмыс күнге төленбеген сомадан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес) мөлшерінде өсімпұл төлейді.

5.4. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші ақы төлеу кезінде өз бетінше Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) сомасын ұстап қалуға құқылы.

5.5. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін, егер олар Тараптар алдын ала болжай алмаған және осы Шартты орындауға тікелей кедергі жасаған дүлей күштің тууы: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, табиғат апаты, қоршауда қалу, ереуіл, әскери іс-қимылдары, террорлық әрекеттер және өзге де осыған ұқсас жағдайлардың салдарынан болса, онда жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдай орын алған уақытқа ұзартылады.

6.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмай қалған Тарап осы Шарттың 6.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғаны және тоқтағаны туралы екінші Тарапты дереу хабардар етеді, сондай-ақ тиісті уәкілетті мемлекеттік органның растайтын құжатын ұсынады. Мұндайда, жалпыға танымал фактілер дәлелдеуді қажет етпейді.

6.3. Шарттың 6.1-тармағында көрсетілген жағдайлар үш айға созылса, Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұдан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Мұндайда Тапсырыс беруші іс жүзінде көрсеткен Жеткізушінің қызметіне ақы төлеуге міндетті, және осыдан кейін Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптан қандай да бір шығындарды талап етуге құқылы емес.

7. ҚҰПИЯЛЫҚ

7.1. Тараптар жалпы Шарт талаптарын және ұсынушы Тарап құпия деп белгілеген барлық ақпаратты бір Тараптың жариялау заңдарда жазылған не соған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылған жағдайлардан басқа кезде басқа Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тұлғаларға жариялауға болмайтынын таниды.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер барысында шешуге бар күш-жігерін жұмсауға міндеттенеді.

8.2. Егер Тапсырыс беруші мен Жеткізуші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

9. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

9.1. Осы Шарт оған қол қойған кезден бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

10. БАСҚА ТАЛАПТАР

10.1. Деректемелер өзгерген жағдайда және оларды шартты іске асыру кезінде есепке алу қажет болғанда бір Тарап екінші Тарапты бұл туралы жазбаша түрде уақтылы хабардар етеді.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгертулерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес Шарттың барлық өзгерістері мен толықтырулары қосымша келісімдермен ресімделеді және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

10.3. Шарттың Қосымшасы оның ажырамас бөлігі болып табылады.

10.4. Тараптардың бірі қайта құрылған жағдайда, осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер тоқтатылмайды және олардың құқықтық мұрагерлеріне көшеді.

10.5. Шарт әрқайсысының заң күші бірдей 4 (төрт) данада жасалды, 2 (екеуі) мемлекеттік тілде және 2 (екеуі) орыс тілінде.

11. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕР

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

Тапсырыс беруші

Жеткізуші

_____ .

2022 жылғы «__» _____
(ҚР ҰБ-да тіркелген күні)

2022 жылғы «__» _____
(Жеткізуші қол қойған/ тіркеген күні)

№ _____ ҰБ/ _____ шартқа
(ҚР ҰБ-ның нөмірі) (Жеткізушінің нөмірі)

ҚОСЫМША

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ
ОҚЫТУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰНЫНЫҢ ЕСЕБІ**

№ P/c	Қызмет көрсету мерзімі (2023ж. ай)	Мерзімдегі академиялық сағаттар саны		1 академ. сағат үшін төлем құны (теңге)	Мерзімдегі төлем (теңге)
		I триместр			
1	Ақпан	16	32		
2	Наурыз	16			
		II триместр			
3	Сәуір	16	48		
4	Мамыр	16			
5	Маусым	16			
		III триместр			
6	Қыркүйек	16	40		
7	Қазан	16			
8	Қараша	8			
	Жиыны:		120		

Тапсырыс берушіден _____

Жеткізушіден _____

